

Көкшетау облысының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 2 мамырдағы N 3482.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының

Z934200_

9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Көкшетау облысының Арықбалық, Уәлиханов, Келлер, Көкшетау, Ленинград, Рузаев, Чистополь, Чкалов аудандары таратылсын.

2. Щучинск қаласы аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызылсын.

3. Мына аудандар:

1) Қызыл ту ауданы Уәлиханов ауданы;

2) Красноармейск ауданы Тайынша ауданы;

3) Красноармейск қаласы Тайынша қаласы;

4) Куйбышев ауданы Целинный ауданы;

5) Ленин ауданы Ақжар ауданы болып өзгертілсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті